**Қобда аудандық Қоғамдық Кеңесінің**
**қоғамдық мониторинг жұмысының**
# ХАТТАМАСЫ

Қобда ауылы №7 2023 жылғы 8 қазан

**Өткізілген орны:** Аудан орталығындағы «Әкежан», «Гаухар», «Сәт» супермаркеттері

**Мониторинг жүргізгендер:** кеңес мүшелері – А. Темірбай, Н. Ещанова, кеңес хатшысы А. Қабақбаева, аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Ә. Байтулеева, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының хатшысы Е. Сәбитов.

2015 жылғы 2 қарашадағы №383-V ҚРЗ «Қоғамдық кеңестер туралы» ҚР Заңының 20-бабының 3-тармағына, қоғамдық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізу қағидаларының 2-тарау, 1-параграфы, яғни қоғамдық мониторингті ұйымдастыру және жүргізу тәртібіне, сонымен қатар, 2004 жылғы 12 сәуірдегі №544 "Сауда қызметін реттеу туралы" ҚР Заңының 9-бабының 1-тармағына сәйкес әлеуметтік маңызы бар тауарға Ішкі сауда субъектісі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарын жеткізу шартында көрсетілген өндірушінің сату бағасының немесе көтерме жеткізушінің сатып алу бағасының он бес пайызынан аспайтын қайта бөлу сауда үстемесінің мөлшеріне сәйкес жоғарыда аталған супермаркеттерде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына (ҚР Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы N 145 қаулысымен бекітілген) қоғамдық мониторинг жүргізілді. Мониторинг барысында баға ауытқушылық анықталған жоқ.

Ішкі сауда субъектісінің әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда үстемесінің мөлшерін ҚР Сауда қызметін реттеу туралы заңнамасында белгіленген мөлшерден асыруы ескертуге әкеп соғатындығы ескертіліп, супермаркет иелеріне жадынама таратылды.

**Кеңес төрағасы** **Ж. Жиеналин**

**Кеңес мүшелері** **А. Темірбай**

**Н. Ещанова**

**Аудандық кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы** **Ә. Байтулеева**

**«AMANAT» партиясы аудандық филиалының хатшысы** **Е. Сәбитов**

**Кеңес хатшысы** **А. Қабақбаева**

иикамыздың іргетасын қалауға ықпал етті. Халықаралық мамандардың пікірінше, теңге ТМД аумағындағы тұрақты валюталар қатарында.

1991 жылы теңге дизайнын әзірлейтін мамандар тобы құрылды . Осы топқа кірген Тимур Сүлейменов, Меңдібай Әлі, Досбол Қасымов, Ағымсалы Дүзелханов пен Хайролла Ғабжалел ұлттық валюта дизайнын әзірлеуге кірісті. Ал тиынның дизайнын жасау Айрат Исмамбетов пен Виктор Ивженкоға тапсырылды. Алғашқы теңгені «Harrisson&sons» компаниясы Англияда басып шығарды.

Лондоннан жеткізілгеннен кейін теңге 8 күннің ішінде еліміздегі барлық банкке түгел таратылды. Осылайша ұлттық валютамыз отандастарге бүгінде елдегі экономикалық өркендеу мен дамудың символы іспетті. Ұлттық теңгеміздің курсы-ол экономикамыздың айнасы. Осы отыз жыл ішінде Қазақстанның қаржы жүйесі де қарқынды дамып, жетіліп, ең алдыңғы қатарлы ақпараттық технологиялар енгізілген жүйеге айналды. Бұл ең алдымен Қазақстан халқына қолайлы жағдай туғызып отыр. Барлық қаржы саласының қызметкерлерін кәсіби мерекелерімен құттықтаймын. Ел экономикасының символы теңгеміз нағайа берсін.



# АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС НАЗАРЫНДА



Аудандағы қоғамдық-әлеуметтік маңызы зор мәселелердің алдыңғы шебінен табылатын қоғамдық кеңес мүшелері азық-түліктің себепсіз өсуіне де бақылау жасап келеді. Осы орайда қоғамдық кеңес мүшелері аудандағы ірі азық-түлік дүкендеріндегі әлеуметтік маңызы бар тауарларға мониторинг жүргізді. Қоғамдық кеңес мүшелері А.Темірбай, Н.Ещанова, кеңес хатшысы А.Қабақбай, «AMANAT» партиясы аудандық филиалының атқарушы хатшысы Е. Сабитов, кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Ө.Байтулеева бар топ, «Гауһар», «Әкежан», «Сәт» супермаркеттеріндегі азық-түлік бағаларымен танысты. Дүкен иелерімен, сатушылармен сөйлесіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

**Өз тілшімізден.**

БжЗк ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ
ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

### БЖЗҚ АҚ "Зейнетақымен қамсыздандыру саласындағы қаржы журналистикасы мектебі" онлайн-семинарын өткізеді

- Ұлттық қор – балаларға. Бағдарлама 2024 жылдан бастап қалай жұмыс істей бастайды?

- Зейнетақы жинақтарынан төлемдер (БЖЗҚ-дан берілетін төлем түрлері, оларды алу тетігі, enpf.kz сайтынан ақпаратты қалай табуға болады?)

- БЖЗҚ-ның ақпараттық жұмысы. Бастапқы көзден алынған материалдарды және эксклюзивті пікірлерді қолдана отырып, ЖЗЖ тура лы қызықты материалды қалай жасауға болады?

Іс-шара онлайн-форматта 23 қарашада орыс тілінде және 24 қарашада қазақ тілінде сағат 10.00-ден 13.00-ге дейінгі уақыт ара лығында өтеді.

Қатысу үшін алдын ала тіркелу талап етіледі. Қатысуға өтінім беруші press@enpf.kz электрондық мекенжайына өзі туралы ақпа